

Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың жүйелендірілген белгілерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы N 25 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын және 20-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың жүйелендірілген белгілері бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 8 қ а ң т а р д а ғ ы
N 2 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың жүйелендірілген белгілері

Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың жүйелендірілген белгілері :

- 1) тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету (электрмен, газбен, сумен жабдықтау, жылу беру, кәріз) ;
- 2) телефон байланысы қызметтерін көрсету;
- 3) ұтқыр ұялы байланыс операторлары қызметтерін көрсету;
- 4) телевизиялық кабель желісін пайдалану қызметтерін көрсету болып табылады.